



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

Әдебиеттер тізімі

1. «Ембімұнайгаз» АҚ – ның ресми сайты: <https://emba.kz/>
2. «Ембімұнайгаз» АҚ – ның 2019 жылғы қаржылық есептілігі: https://emba.kz/data/nws/rus/fil_935_98.pdf
3. «Ембімұнайгаз» АҚ – ның 2020 жылғы қаржылық есептілігі: https://emba.kz/data/nws/rus/fil_1065_125.pdf
4. «Ембімұнайгаз» АҚ – ның 2021 жылғы қаржылық есептілігі: https://emba.kz/data/nws/rus/fil_1200_157.pdf
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік реестрінің ресми сайты: <https://www.gosreestr.kz/kz/>

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА ІС-ҚИМЫЛДАРЫНА ҚАРСЫ АУДИТТІ ПАЙДАЛАНУ

Бұлақбай А.Ж.

«Қаржы» ББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aiganym.bulakbay@mail.ru

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Жахметова А.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Статистикаға сәйкес, экономикалық қылмыстар цифрлық экономика дәуірінде ерекше қауіп болып табылады. Қазіргі жағдайда ішкі қаржылық бақылау мен ішкі аудит жүйелерінің рөлі артып келеді. Мақалада Қазақстандағы экономикалық қызмет саласындағы тіркелген құқық бұзушылықтар динамикасына талдау жүргізілген, қылмыстық кірістерді заңдастыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жүйесінде аудитті пайдалану шарттарының ерекшеліктері ашылды. Сонымен қатар, көлеңкелі экономика ұғымына экономикалық зерттеу саласы тұрғысынан сипаттама берілген. Қаржылық бақылаудың маңызды екі әдісі көрсетілген, яғни ішкі аудит пен тәуелсіз қаржылық бақылау. Сондай-ақ көлеңкелі экономикадағы қарсы іс-қимыл жүйесіндегі қаржылық аудитті пайдаланудың өзектілігі туралы жазылған және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, жылыстатуға байланысты операциялар анықталған кезде аудитордың текеріс жүргізу кезіндегі негізгі назар аударуы тиісті бағыттар туралы мәліметтері келтірілген.

Аннотация. Согласно статистике, экономические преступления представляют особую опасность в эпоху цифровой экономики. В современных условиях возрастает роль систем внутреннего финансового контроля и внутреннего аудита. В статье проведен анализ динамики зарегистрированных правонарушений в сфере экономической деятельности в Казахстане, раскрыты особенности условий использования аудита в системе легализации преступных доходов и противодействия теневой экономике. Кроме того, дано описание


понятия теневой экономики с точки зрения области экономических исследований. Показаны два важных метода финансового контроля: внутренний аудит и независимый финансовый контроль. Также изложены сведения об актуальности использования финансового аудита в системе противодействия теневой экономике и о направлениях, на которые аудитор должен обратить внимание при выявлении операций, связанных с легализацией, отмыванием доходов, полученных преступным путем.

Annotation. According to statistics, economic crimes are particularly dangerous in the era of the digital economy. In modern conditions, the role of internal financial control and internal audit systems is increasing. The article analyzes the dynamics of registered offenses in the sphere of economic activity in Kazakhstan, reveals the specifics of the conditions for using audit in the system of money laundering and countering the shadow economy. In addition, the concept of the shadow economy is described from the point of view of the field of economic research. Two important methods of financial control are shown: internal audit and independent financial control. Information is also provided on the relevance of the use of financial audit in the system of countering the shadow economy and on the areas that the auditor should pay attention to when identifying transactions related to legalization, laundering of proceeds from crime.

Түйінді сөздер: көлеңкелі экономика, заңсыз алынған қаражат, кірістерді заңдастыру, аудитті пайдалану

Қазақстан экономикасының қазіргі дамуының ерекшелігі заңды экономикада параллельді түрде көлеңкелі экономиканың қатар болуы болып табылады. Сарапшылардың бағалауы бойынша көлеңкелі экономиканың көлемі айтарлықтай. Көлеңкелі экономика ресми экономикалық жүйеге сәйкес келетін тетіктер жиынтығымен сипатталады: баға ережелері, келісімшарттық қатынастар және басқалар. Мемлекеттік деңгейдің негізгі міндеті кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл тетіктерін әзірлеу болып табылады.

Көлеңкелі экономиканың мәнін анықтау үшін әртүрлі тәсілдер бар. Әдіснамалық тұрғыдан көлеңкелі экономиканы зерттеудің экономикалық, социологиялық, кибернетикалық және құқықтық тәсілдері айтарлықтай ерекшеленеді. Экономикалық тәсіл көлеңкелі экономиканың экономикалық саясаттың тиімділігіне әсерін, экономикалық ресурстарды бөлу мен пайдалануды, оны бағалау мен өлшеудің сенімді әдістерін әзірлеуді зерттейді.



Сурет 1 – Көлеңкелі экономиканы зерттеудің экономикалық тұжырымдамалары

Ескертпе: автормен құрастырылған

ҚР-да заңдастыруға қарсы күрес саласындағы негізгі нормативтік құжат "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Бұл заңда қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға мынадай анықтама берілген: қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасасу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және өзге мүлікті заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету. Қазақстандық жағдайларда қылмыстық кірістерді заңдастыру: заңсыз жолмен алынған кірістерді жасыруға, салық төлеуден жалтаруға әкеп соғады, бұл тұтастай алғанда ел бюджетіне ақшалай ресурстардың жетіспеуіне және оның экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге әкеп соғады [1].

Заңсыз алынған қаражаттың қозғалысы заңды түрде алынған қаражаттың қозғалысына ұқсас. Кірістерді қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларға және меншік иелерінің қалауына байланысты көптеген жолдармен пайдалануға болады. Заңсыз кірістердің қозғалысы циклдік түрде жүреді: кейбіреулері дереу тұтынуға жұмсалады; басқалары біреуге тиесілі бизнеске қайта оралады.



Сурет 2 - Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың динамикасы

Ескертпе: [2] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыда көрсетілген суретке сәйкес, Қазақстандағы экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар санының төмендегенін көре аламыз, яғни 2021 жылы 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 12,33%-ға төмендеген, ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 19,68%-ға азайған болатын. Алайда қылмыстық жолмен алынған ақшаны және өзге де мүлікті заңдастыру бойынша әрекеттер санының артқанын байқауға болады: 2021 жылы 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 19,64%-ға артқан, ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 16,42%-ға өскен.

Заңдастыруға қарсы күрестің ең тиімді рәсімдерінің бірі қаржылық бақылау болып табылады-бұл мемлекеттік, жергілікті, қоғамдық және басқа субъектілердің қаржылық жоспарлаудың уақтылығы мен дәлдігін, тиісті қаражат қорларына кірістердің негізділігі мен толықтығын, оларды пайдаланудың дұрыстығы мен тиімділігін тексеру үшін заң нормаларымен реттелетін қызметі. Бұл термин экономикалық, өндірістік, экономикалық және қаржылық қызметті бақылауды қамтиды [3].

Қаржылық бақылау қаржылық және экономикалық қызметтегі заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Ол тауарлық-материалдық құндылықтар мен қолма-қол ақшаны теріс пайдалану және ұрлау фактілерін анықтауға арналған. Қаржылық бақылаудың маңызы әсіресе нарықтық экономика жағдайында артып келеді.

Кәсіпорын деңгейіндегі қаржылық бақылаудың ең маңызды әдісі-ішкі бақылау және тәуелсіз қаржылық бақылау.

Ішкі шаруашылық бақылау (ішкі аудитті) — шаруашылық жүргізуші субъектілердің ішкі бақылау бөлімшелері жүзеге асырады. Оның ең маңызды нысаны-бухгалтерлік есеп.

Тәуелсіз қаржылық бақылауды аудиторлар (аудиторлық фирмалар) жүзеге асырады. Аудиторлық қызметтің негізгі мақсаты шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің дұрыстығын және олар жасаған қаржылық және шаруашылық операциялардың ҚР нормативтік актілеріне сәйкестігін анықтау болып табылады. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес шеңберінде аудитор бухгалтерлік қаржылық есептілікті тексеру жөніндегі аудиторлық рәсімдерді орындай отырып, ұйымның ішкі бақылау қағидаларын, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеруді зерделеуге тиіс.

Ішкі бақылау ережелері мыналарды қамтуы керек:

- * қажетті ақпаратты Құжаттамалық тіркеу тәртібі;
- * ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету тәртібі;
- * кадрларды даярлау мен оқытуға қойылатын біліктілік талаптары;
- * ұйым қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше мәмілелерді анықтау критерийлері мен белгілері [4].

Кесте 1 - Заңдастыруға байланысты операциялар анықталған кезде аудитордың тексеріс бағыттары

№	Тексеру бағыттары	Жария етуді жүзеге асыру мүмкіндігі туралы куәландыратын белгілер
1	Халықаралық есеп айырысулар жүргізілетін шоттар бойынша үзінді көшірмелерді тексеру	Егер резидент резидент емес тұлғаға тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) шартын орындамағаны үшін немесе Шарт талаптарын бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл) төлеген болса, егер тұрақсыздық айыбының мөлшері жеткізілмеген тауарлар (орындалмаған жұмыстар, көрсетілмеген қызметтер) сомасының 10 %-нан асатын болса, онда бұл операция әдеттен тыс болып жіктеледі. Егер клиент өз қызметінің сипатына сәйкес келмейтін халықаралық есеп айырысу нысандарын пайдаланған болса (кредиттік ұйымның иелігіндегі клиенттің негізгі қызметі туралы деректер негізінде).
2	Күдік туғызатын мәмілелер бойынша бастапқы құжаттар мен есепке алу тіркелімдерін тексеру	Клиент бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы болып табылмаса және бағалы қағаздар клиентке контрагенттің клиент алдындағы мерзімі өткен берешегін өтеуге берілмесе, ұйымдастырылған нарықта айналысқа түспейтін бағалы қағаздардың, қаржы құралдарының үлкен пакетін нарықтан айтарлықтай ерекшеленетін бағалар бойынша бір жолғы сату (сатып алу) кезінде. Бір қаржы құралы бірнеше рет сатылатын, содан кейін бір тараппен жасалған мәмілелерде сатып алу операцияларды жүзеге асыру кезінде. Бағалы қағаздарды сатудан түскен табыс ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жоғары өтімді айналысқа түсушілерді сатып алуға жұмсалған жағдайда, баға белгілеулері жоқ және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспейтін бағалы қағаздарды кейіннен сатумен тұрақты сатып алу операциялары кезінде.

		Клиент бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сатып алуға және сатуға осындай мәмілелер бойынша ағымдағы нарықтық бағадан елеулі ауытқуы бар бағалар бойынша тапсырмалар берген кезде.
3	Табыс салығы мен ҚҚС-ты есептеу мен төлеудің дұрыстығын тексеру	<p>Ұйым жылжымайтын мүлікті, көлікті сатып алу-сату, алкогольді сату, оның көлік құралдарын сатуы туралы экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру туралы мәліметтер болған кезде табыс салығы немесе ҚҚС (не "нөлдік" декларацияларды ұсыну) бойынша декларацияны ұсынбаған кезде.</p> <p>Кірістің өсуі аясында компанияның салық жүктемесін азайту кезінде.</p> <p>Тіркелген қызмет түрлеріне тән емес қаржы-шаруашылық операцияларды жүргізу кезінде.</p> <p>Қарыздар мен кредиттер сомасы түсім сомасынан едәуір асқанда.</p>
4	Күдік туғызатын мәмілелер бойынша бастапқы құжаттарды тексеру	<p>Егер ақшалай қаражатты не тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, зияткерлік қызмет нәтижелерін) алушы резидент тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, зияткерлік қызмет нәтижелері) импортын (экспортын) көздейтін шарт (келісімшарт) бойынша тарап болып табылмайтын резидент емес болып табылса.</p> <p>Егер шартта резиденттің жеңілдікті салық режимін ұсынатын мемлекеттер мен аумақтарда тіркелген резиденттердің пайдасына тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің, зияткерлік қызмет нәтижелерінің) экспорты не тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің, зияткерлік қызмет нәтижелерінің) импорты бойынша төлемдер көзделсе.</p>

Ескертпе: [4] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады деген күдік туғызатын қандай да бір операциялар анықталған жағдайда, аудитор ұйым қызметкерінің бұл операцияны әдеттен тыс деп анықтағанын, хабарлама-операция (мәміле) туралы мәліметтерді қамтитын құжатты жасағанын тексеруі қажет. Заңнама талаптарына сәйкес ерекше мәміле туралы хабарлама кірістерді заңдастыруға және оны жүзеге асыру бағдарламаларына қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларын сақтауға жауапты арнайы лауазымды тұлғаға беріледі. Операцияны міндетті бақылауға жататын операцияларға жатқызу негіздері болған кезде уәкілетті қызметкер операцияны міндетті бақылауға жататын операция деп тану және ол туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну туралы түпкілікті шешім қабылдайды. Ерекше мәмілелер анықталған кезде уәкілетті қызметкер клиентке және оның операциясына (мәмілесіне) қатысты одан әрі іс-қимылдар туралы шешім қабылдайды.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызметті жүргізу мәдениеті контрагенттер арасындағы қарым-қатынаста да, кәсіпкерлер мен мемлекеттің қарым-қатынасында да ашықтық пен сенімділікке қарай өзгере бастады. Кәсіпкерлер контрагенттерді таңдау мәселелерінде сауатты және мұқият болады. Қазіргі тенденция нақты байқалады: ұйымның бухгалтерлік есепті қалай жүргізетініне, қаржылық есептілікті жасайтынына, салықтарды есептейтініне және төлейтініне бизнес серіктестерімен қарым-қатынастың сәттілігі және болашақтағы қаржылық сенімділікке байланысты.

Әдебиет:

1. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 191-IV Заңы // [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000191>

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті құрған Құқықтық статистика Интернет-порталының статистикалық деректері // [Электрондық ресурс] URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>

3. Мельник М.В., Яндиева Э.В. Государственный аудит и контроль: как предотвратить и обезвредить мошеннические действия в государственном секторе // Инновационное развитие экономики - 2018, часть 3, № 6 (48) - С. 106-110

4. С.А. Хмелев, Е.А. Орлова. Использование аудита в системе противодействия теневой экономике // Вестник Московского университета МВД России - 2013, № 8 – С. 200 -206

ПЕРСПЕКТИВЫ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ В УСЛОВИЯХ САНКЦИОННОГО ДАВЛЕНИЯ

Езепчик Е. И., Толочко Я. А.

студентки 3 курса ОП «Финансы и кредит»

Гродненский государственный университет им. Янки Купалы, г. Гродно,
Республика Беларусь

E-mail: ezepchik.ekaterina@gmail.com, yanatol20@gmail.com

Витун С. Е. (научный руководитель)

Доцент кафедры финансов и бухгалтерского учета

Гродненский государственный университет им. Янки Купалы, г. Гродно,
Республика Беларусь

E-mail: wsveta70@mail.ru

Аннотация: Тема научной работы является актуальной, так как введение санкций странами Запада против Беларуси не могло не отразиться на белорусской экономике. С одной стороны, вынужденная политика импортозамещения должна позитивно отразиться на белорусской экономике. Но с другой стороны – ухудшаются внешнеэкономические связи и сокращается товарооборот между странами. Целью данной статьи является анализ такого понятия как санкционное давление в качестве экономической категории. В статье кратко раскрыто содержание основных санкций со стороны стран Европы, США и ряда других государств по отношению к Республике Беларусь в